

"Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 596 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 4 желтоқсанда № 8121 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 134 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 03.03.2014 № 134 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы **к о м и т е т і :**

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік **ті р к е у ді ;**

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (П.К. Нокин) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр	Қ. Қасымов
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і	і с т е р
2 0 1 2	ж ы л ғ ы
9	қ а р а ш а д а ғ ы
№ 596 бұйрығымен бекітілген	

«Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі - регламент) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-бабына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттар ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 199 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартына (бұдан әрі - стандарт) сәйкес әзірленді.

2. Осы регламентте мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) тұтынушы - Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш білдірген 18 жастан, ал некеде тұратындар - 16 жастан асқан азаматтары;

2) құрылымдық-функциялық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) - мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын уәкілетті органдардың жауапты адамдары, мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөліністері, ақпараттық жүйелер немесе кіші жүйелер.

3. Мемлекеттік қызметті стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөліністері (бұдан әрі - көші-қон полициясы бөліністері) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 54-56-баптарының;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттар ресімдеу қағидаларының» 5-10-тармақтарының;

3) стандарттың негізінде жүзеге асырылады.

6. Тұтынушыға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттар ресімдеу не болмаса қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәйекті жауап мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызметті тұтынушының тұрақты тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясы бөліністері көрсетеді.

8. Мемлекеттік қызмет аптасына бес жұмыс күні, сағат 13-00-ден 14-30-ға

дейінгі түскі үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, сондай-ақ сенбі күні сағат 9-00-ден 13-00-ге дейін ұсынылады. Қабылдау кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жылдам қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИМ) mvd.gov.kz және облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде, сондай-ақ көші-қон полициясы бөліністерінде орналасқан ресми ақпарат көздері мен стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

12. Стандарттың 16-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекеттердің (өзара іс-қимыл жасасу) сипаттамасы

13. Көші-қон полициясы бөліністерінде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, оларда көші-қон полициясы инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

Көші-қон полициясы бөлінісіне құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушыға стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті құжаттарды қабылдау туралы талон беріледі, онда: құжаттың нөмірі мен қабылданған күні; сұрау салынатын мемлекеттік қызметтің түрін; құжаттарды беру күні, уақыты және орны; құжаттарды қабылдаған көші-қон полициясы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

14. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар жоқ.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай ҚФБ-лар:

1) ішкі істер органының қалалық, аудандық, қаладағы аудандық, кенттік бөлімнің, бөлімшесінің, тобының (бұдан әрі - ҚАПО) көші-қон полициясы бөлінісінің қызметкері;

2) облыстардың, Алматы және Астана қалаларының ПД Көші-қон полициясы басқармасының қызметкері;

3) облыстардың, Алматы және Астана қалаларының Ұлттық қауіпсіздік

департаментінің (бұдан әрі - ҰҚКД) қызметкері;

4) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті аумақтық бөліністерінің (бұдан әрі - ҚР БП ҚС ж А Е К) қызметкері;

5) облыстардың, Алматы және Астана қалалары Сот актілерін орындау жөніндегі департаментінің (бұдан әрі - САОД) қызметкері;

6) облыстардың, Алматы және Астана қалалары Салық департаментінің (бұдан әрі - СД) қызметкері;

7) қорғаныс істері жөніндегі қалалық, аудандық, қаладағы аудандық басқарманың (бөлімнің) (бұдан әрі - ҚБ) қызметкері қатысады.

16. Әрбір әкімшілік іс-әрекетті орындау мерзімін көрсете отырып, ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) реті мен өзара іс-қимыл жасасуының кестелік сипаттамасы осы регламентке 1-қосымшада келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды реті мен ҚФБ-ның арасындағы өзара байланыстың сызбасы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

«Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) реті мен өзара іс-қимыл жасасуының сипаттамасы

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы. Негізгі процесс.

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны)			
1	№ іс-әрекет (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2
2	ҚФБ атауы	ҚАПО	ҚАПО
3	Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	өтініш берушінің құжаттарының пакетін қабылдау және тексеру	құжаттарды ІД-ге жолдау
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	журналда тіркеу және алғаны туралы анықтама беру	Ілеспе хат
5	Орындау мерзімі	10 минут	2 күн
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3

1-кестенің жалғасы

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны)			

1	3	4	5	6
2	ИД	ИД	ҰҚҚД	ҚР БП ҚСЖАЕК
3	мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне материалдарды тексеру	материалдарды ҰҚҚД-ге, ҚР БП ҚСЖАЕК-ге, САОД-ге, СД-ге келісуге жолдау	мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру
4	Қорытынды	Сұрау салу	Қорытынды	Қорытынды
5	5 күн	2 күн	10 күн	10 күн
6	4	5, 6, 7, 8	9	9

1-кестенің жалғасы

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны)				
1	7	8	9	10
2	САОД	СД	ИД	ИД
3	мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	шешім шығару және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін ресімдеу	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін ресімделген құжаттарды ҚАПО-ға жолдау
4	қорытынды	қорытынды	шығуға ресімделген құжаттар	ілеспе хат
5	10 күн	10 күн	3 күн	2 күн
6	9	9	10	11

1-кестенің жалғасы

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны)				
1	11	12	13	14
2	ҚАПО	ҚБ	ҚАПО	ҚАПО
3	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу туралы тұтынушының хабарлауы және әскери есептен шығу және әскери билетті тапсыру үшін ҚБ-ға жолдама беру	тұтынушыны әскери есептен шығару және әскери билетті тапсырғаны туралы анықтама беру	тұтынушыны Қазақстан Республикасы аумағынан тұрақты тұру жері бойынша тіркеуден шығару	өтініш берушіге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін дайын құжаттарды беру
4	жолдама	анықтама	шығу мекенжай парағы	
5	2 күн	1 күн	1 күн	10 минут
6	12	13	14	

2. Кесте. Пайдалану варианттары. Негізгі процесс - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағыны)

ҚАПО	ПД	ҰҚКД	ҚР БП ҚСЖАЕК
1. Өтініш берушінің құжаттарын қабылдау және тексеру	3. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне материалдарды тексеру	5. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	6. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру
2. Толық құжаттарды ПД-ге жолдау	4. Материалдарды ҰҚКД-ге, ҚР БП ҚСЖАЕК-ге, САОД-ге, СД-ге келісуге жолдау		
11. Тұтынушыға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлау және әскери есептен шығару және әскери билетті тапсыру үшін ҚБ-ға жолдама беру	9. Шешім шығару және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін ресімдеу		
13. Тұтынушыны Қазақстан Республикасы аумағынан тұрақты тұру жері бойынша тіркеуден шығару	10. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін ресімделген құжаттарды ҚАПО-ға жолдау		
14. Өтініш берушіге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін дайын құжаттарды беру			

2-кестенің жалғасы

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағыны)		
САОД	СД	ҚБ
7. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	8. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	12. Тұтынушыны әскери есептен шығару және әскери билетті тапсырғаны туралы анықтама беру

3-кесте. Балама процесс – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеуден бас тарту

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағыны)			
ҚАПО	ПД	ҰҚКД	ҚР БП ҚСЖАЕК
1. Өтініш берушінің құжаттарын қабылдау және тексеру	3. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне материалдарды тексеру	5. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	7. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру
	4. Материалдарды ҰҚКД-ге, ҚР БП	6. Стандарттың 16-тармағының 1) тармақшасында көзделген	8. Стандарттың 16-тармағының 2), 3) тармақшаларында

2. ІД-ге толық құжаттарды жолдау	ҚСЖАЕК-ге, САОД-ге, СД-ге келісуге жолдау	негіздер болған кезде тиісті ақпаратты ІД-ге жолдау	көзделген негіздер болған кезде тиісті ақпаратты ІД-ге жолдау
15. Тұтынушыға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығудан бас тарту туралы хабарлау	13. Уәкілетті органның шешімінің негізінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығудан бас тарту туралы шешім шығару		
	14. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығудан бас тарту туралы шешімді ҚАПО-ға жолдау		

3-кестенің жалғасы

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағыны)	
САОД	СД
9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру	11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіздердің жоқ екеніне тексеру
10. Стандарттың 16-тармағының 4), 7) тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде тиісті ақпаратты ІД-ге жолдау	12. Азаматтың салық борышы болған жағдайда тиісті ақпаратты ІД-ге жолдау

«Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды реті мен ҚФБ-ның арасындағы өзара байланыстың сызбасы

